

**«Ақмола облысының білім басқармасының  
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы  
Шортанды кентінің "Балдәурен" балабақшасы " МКҚК 2024 жылғы  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша ақпарат**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларына сәйкес балабақшада 2024 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында балабақша өз қызметінде басшылыққа алатын нормативтік құқықтық актілері қаралды. Балабақшада ставкалар саны -46,90 қызметкерлердің нақты саны-41, теріс себептермен жұмыстан шығарылған, тәртіптік жауапкершілікке тартылған жұмыскерлер болған жоқ. Мемлекеттен бөлінген қаржы бүгінгі күнде қызметкерлердің айлық жалақыларына, мекеменің салығына, коммуналдық шығындарына, байланыс қызметіне ақы төлеуге, дәрі-дәрмек сатып алуға және басқа да қорларды сатып алуға, іс-сапар шығындарын өтеуге жоспарланып, уақтылы төленіп отыр. Қаржыландыру жоспарына сәйкес балабақша дәрі-дәрмекпен, кеңсе, жуу құралдары және жұмыскерлерді арнайы киімдермен қамтамасыз етіп келеді. Жұмыскерлер мекеменің есебінен міндетті медициналық тексерулерден уақтылы өтіп отырады.

Қызметкерлерге жалақы толық мөлшерде төленеді. Балабақшаның ұжымдық шарты бойынша штатта тұрған, кәсіподақ мүшесіндегі біліктілігі жоқ жұмыскерлерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына шыққан кезде 2024 жылдан бастап лауазымдық жалақысы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленді, сондай-ақ бухгалтер, кәсіподақ ұйымының төрайымына, шаруашылық меңгерушісіне негізгі еңбек демалыстарына қосымша үш күнге ақылы еңбек демалысы берілді.

Балабақша қызметкерлері арасында еңбек тәртібін, еңбек тәртібін қайта бұзушылықтарды, әкімшілік және қылмыстық құқықты бұзушылықтарды, бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол берген, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері болған жоқ.

Конкурстық негізде мердігерлермен азық-түлік жеткізуге шарттар жасалды, олар туралы ақпарат балабақша сайтында жарияланады.

Педагогтер біліктілікті арттыру курстары мен семинарларды уақтылы және мерзімінде өтеді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында педагогтерді қабылдау бос лауазымдарға конкурс өткізу арқылы жүзеге асырылады және 2024 жылы 2 педагог конкурстық комиссияның ұсынысы бойынша жұмысқа қабылданды. "Педагогтерді жұмысқа қабылдау" ҰБДБ базасындағы автоматтандырылған жүйеде 2024 жылғы 21 қараша мен 19 желтоқсанда

хабарландыру жарияланды. Үміткерлердің болмауына байланысты конкурс өткізілмеді деп танылды.

Бос жұмыс орындары туралы ақпарат [enbek.kz](http://enbek.kz) "электрондық еңбек биржасы" жұмысқа орналастыру жөніндегі бірыңғай цифрлық алаңда және балабақшаның сайтында, әлеуметтік желілерінде орналастырылады.

Балабақша қызметкерлерінің еңбек шарттары [enbek.kz](http://enbek.kz)"электрондық еңбек биржасында" тіркелген.

Балаларды мектепке дейінгі ұйымға қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ата-аналарға [akmola.kz](http://akmola.kz) порталы арқылы "Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі балаларды (6 жасқа дейін) кезекке қоюға» - 46 өтініш қабылданып, "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" бойынша- 61 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

«E-otinish» Азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өңдеу бірыңғай платформасы арқылы жеке және заңды тұлғалардан әр түрлі мазмұндағы жалпы-9 өтініштер мен ұсыныстар қаралып, өңделді.

Балабақша меңгерушісі



Г.Мукашева